

ШЕТЕЛ СТУДЕНТТЕРІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ АСПЕКТ

*Шериева Г.Т.¹, Сүлейменова Ж.Н.², Сатбекова А.А.³

^{*1}оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
e-mail: gulimzhan_sherie@mail.ru

²п.ғ.д., профессор, ҚазҰҚызПУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: zharkynbikesul999@gmail.com

³п.ғ.д., профессор, ҚазҰҚызПУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: satbekova@mail.ru

Аңдатпа. Қазақ тілін сапалы оқыту – бүгінгі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе, төл тілімізді оқытуға бейінделген әртүрлі бағыттар өз алдына профессорлар мен педагогтардың тарапынан қолдау тауып, білім беру жүйесінде айтулы құралға айналып отыр. Тілді оқытуда мемлекетіміздің қозғаушы күші жастарды отан сүйгіштікке, елтануға, мәдениеттануға, толеранттыққа баулитын, бүгінде ерекше сұранысқа ие болып отырған бағыттардың бірегейі лингвоелтану болып отыр.

Лингвоелтану – тілді классикалық түрде ғана оқытып қоймай, сонымен қатар, тіл меңгеруді мақсат еткен тіл иелеріне сол халықтың тарихы мен мәдениеті, әдеп ғұрпы, дәстүрі, салты жайлы толық мәлімет беретін бағыт. Мақаланың мақсаты - лингво-елтаным бағытта оқытудың ерекшелігі студенттің таным деңгейін кеңейтіп, тілдік құралдарды игеру, қолданумен қатар, ұлттық бәсекелестіктің сапалы білім алуға ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға кәсіби мүмкіндік беру. Қанатты сөз, мақал-мәтел, фразеологизмдер негізінде пайда болатын бейнелеу арқылы тілді үйренуші тілдік және қатысымдық ұғымдардың мағынасын түсінеді. Туындаған ұғымдардың мағынасын түсіндіру барысында тілді үйретуде бірінші орнынға мәдениет емес, тиісінше тіл шығады. Соның арқасында лингвоелтанымдық бағыт қатысымдық құзіреттілікті қамтамасыз ету мақсатында қызмет етеді. Осы мәселелер мақалада жан-жақты қарастырылады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудың жаңа қырлары ашып, лингвоелтанымдық бағытқа ғылыми анықтама беріліп, оның қызметі мен ерекшеліктері, нысандары айқындалады. Сонымен қатар, тіл біліміне айрықша еңбек сіңірген профессор-ғалымдардың лингвоелтанымдық бағытқа қатысты ой-пікірлері мен зерттеулері жұмысымызға негіз болады. Мақаланың практикалық маңыздылығы қазақ тілінде білім алушы шетелдік студентке нұсқаулық болатын оқытудың лингвоелтанымдық бағытта дайындалған әдіснамалық негізі ұсынылады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, лингвоелтану, жоғары білім, технология, ақпарат, ғылым, студент, әдіс

Негізгі ережелер

Шетелдік студенттерге қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқытудың уақыт талабына сай білім беру моделін үйлестіру, ұлттық идеяға тән елтанымдық бағыттағы жаңа оқыту тактикасы мен стратегияларын дайындау және қолдану – еліміздің білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақ тілін оңтайлы әрі сапалы оқытуды көздеген түрлі әдіс-тәсілдер мен стратегиялық моделі, қазақ тілінің қатысымдық-танымдық қырларын, оқыту кезінде әлеуметтік-мәдени үдерістердің, оның ішінде білім беру саласындағы үдерістердің жағдайы мен даму өзгерісінің танылуы көзделеді.

Нәтижесінде дәстүрлі тіл білімінің қалыптасқан ережелеріне ғылымның ақпарат беруші қызметіне негізделген тілді оқытудың жаңа бағыты «лингвоелтаным» пайда болып отыр.

Еліміз жаһандық білім мен ғылым кеңістігінде өзіндік беделін қалыптастыру үшін нық қадамдар жасап қана қоймай, халықаралық деңгейде озық әрі уақыт талабына сай білім беру модельдерін үйлестіріп, ұлттық идеяға тән елтанымдық бағыттағы жаңа оқыту тактикасы мен стратегиясын дайындау және қолдануды мемлекет үшін алдыңғы қатарлы өзекті мәселелер қатарына қойып отыр. Оның басты себебі – ұлттық бәсекелестіктің сапалы білім және білімділік деңгейімен айқындалуында. Мемлекетіміздің әлемдік аренаға толыққанды кірігуі – оқыту жүйесін халықаралық стандартқа сәйкес дамыту қажеттілігін талап ететіні сөзсіз. Бұл әсіресе жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесіне қатысты болмақ. Өйткені кемел келешектің иесі нағыз білікті әрі кәсіби мамандар болса, сол жас мамандардың игерген жоғары сауаты – білім һәм ғылым дамуының негізгі қозғаушы күші.

Кіріспе

Тілімізге тиек етіп отырған кәсіби маман дайындаудағы кәсіби білім берудің басты мақсаты – жастардың жеке қызығушылығы мен қабілетінің игерілуін, соған сәйкес мамандықтың белді иесі атануына мүмкіндік беру және жан-жақты жағдай жасау. Осы орайда ҚР Білім және ғылым экс-министрі Асхат Аймағамбетовтің: «Еліміздің болашағы жоғары оқу орындарының санында емес, сұранысқа ие сапалы білімінде» деген пікірі қазақ жеріндегі ілім мен білімді жаттандылықтан алыстатып, оның бағыттарын байыптылықпен бағдарлап, бүтін қоғам мен студенттердің мүддесін ұштастыратын тың жүйелерді таңдауды алдыңғы қатарға қоюды мақсат етеді. Әсіресе, жоғары оқу орындарында қазақ тілін жалпы лингвистикалық, лингвоелтанымдық, ақпараттық, мәдени-танымдық сынды бағыттар арқылы меңгеру маңыздылығы туындап отыр. Сондықтан жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту барысында Қазақстан Республикасының тіл саясаты туралы тұжырымдамасы негізінде жаңа инновациялық оқыту технологиясын ендіруді қолға алу қажет.

Бұл мәселе төңірегінде Ж. Сүлейменова өзінің «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» деп аталатын зерттеуінде: «Инновациялық оқу үдерісінде оқу әрекетінің оқытушы мен студенттің ынтымақтастық қарым-қатынасы негізінде жүзеге асуының нәтижелілігі көрсетіледі. Оқу әрекеті – студенттің білімді игеруі, меңгеруі болса, екіншіден, оқытушының өз шәкіртінің білімге ынтымақтасын оятып, белсенділігін көтеріп, дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру жолындағы әрекетінің тоғысы», – деп қазақ тілін оқытуда оқытушыларға да, студенттерге де жаңашылдық керектігін тұжырымдады [1].

Тіл мәселесі, оның деңгейін көтеру, оқыту шаралары соңғы он жылдықта белсенді қарастырылып, оң шешімін тауып келеді. Соның ішінде қазақ тілін жеңіл әрі сапалы оқытуды көздеген түрлі әдіс-тәсілдер мен әдіснамалық негіздер ұсынылуда. Ұсынылған негіздер тілді үйретуді әртүрлі бағытта қарастырып, бұрын соңды болмаған оң нәтиже алып келетініне сенеді. Соңғы уақытта қазақ тілін меңгеруде зор нәтиже беріп жүрген бағыттардың бірі – лингвоелтанымдық бағыт. Лингвоелтананымдық бағытта оқытудың ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан тоқталмас бұрын, лингвистика және елтану ұғымдарының «лингвоелтану, лингвотаным» деген біріккен қолданылысы, оның тіл біліміндегі мән-маңызын түсініп көрелік.

«Лингвоелтану, лингвоелтаным» ұғымдары – атауына сай тіл және белгілі бір бүтін елдің тарихи тамырын толық зерттейтін елтану сынды қос ғылымның тоғысқан түбірі. Тілді оқытуда тек лингвистикалық амал-тәсілдерді қолдану бүгінгі күні өте өзекті емес екені белгілі. Жалпы айтқанда, тілді оқыту барысында тілдік бірліктердің мағынасын ашуға, тіл туралы аялық білім беруде, тілдің қатысымдық құзыреттілігін көрсетуде бүгінгі білім құралдарының қарыштаған заманында филологияның классикалық бағыттары жеткіліксіз. Нәтижесінде дәстүрлі тіл білімінің қалыптасқан ережелеріне жаңаша бағытта ғылымның ақпарат беруші қызметіне негізделген тілді оқытудың жаңа бағыты «лингвоелтаным» пайда болып отыр. Аталмыш тілді оқытудың бұл бағыты, бір жағынан, тілді дәстүрлі түрде меңгеруге бағытталса, екінші жағынан, оқып жатқан тіл иелері, яки сол ел, елдің өзіедік ерекшеліктері жайлы жан-жақты мағлұмат беруді міндеттейді.

Материалдар мен әдістер

Қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқытудың әлеуметтік мәнін түсіндіргенде, біріншіден, қазақ тілінің қатысымдық-танымдық қырларын ашатын білім мазмұнына енгізіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру алдымен айтылады. Екіншіден, оқыту кезінде әлеуметтік-мәдени үдерістердің, оның ішінде білім беру саласындағы үдерістердің жағдайы мен даму динамикасы танылуы көзделеді. Үшіншіден, қазақ тілін студенттерге елтаным бағытында оқыту арқылы әлеуметтік-мәдени таным әрекеттерін меңгерудің ереже-қағидаттары, талап-технологиясы қарастырылады. Төртіншіден, қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқыту барысында Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуынан бастап зерделеу міндеті қойылады. Лингвоелтаным бағытында оқытудың әлеуметтанымдық мәнін ашуда мәдениеттану, педагогика, психологиямен бірге қазақ тілін оқыту әдістемесімен тығыз байланыста қарастырылады.

Н. Бекеева қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінде сабақ үрдісінде дұрыс ұйымдастырылуы мен онда қолданылатын оңтайлы әдіс-тәсілдерді сапалы білім нәтижесіне жол ашуда, болашақ маманның қазақ халқының бай тілдік қоры да, ұлттық коды да сақталған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді білуі – рухани бай кәсіби тұлға болып қалыптасуына лингвоелтанымдық бағытта оқытудың маңызы зор екендігін дәлелдеп отыр [2].

Ф.Ш. Орабазеваның пайымдауынша, тілді меңгерту үдерісін диалектикалық динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оны қоршаған әлеммен сабақтастықта зерделеу, тілді үйретуді ұлттық құндылықтармен сабақтастыру, мәдениетаралық, елтанымдық қарым-қатынас құралы тұрғысынан үйрету әлемдік тәжірбиелерді сараптап, ғылыми ой-тұжырымдарды зерделеуді керек етеді. Тілді жаңаша оқытудың арқауларын дәйектеуде сол тамырлас ғылымдардағы тұжырымдар да ескеріледі. Осы орайда тілді әр халықтың интеллектуалдық әлеуетінің, санасы мен ой-толғамының көрсеткіші, дүниетаным мен елтаным, өлкетанымның құралы ретінде оқыту маңызды. Бұл мәселе өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретудің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысында коммуникативтік-лингвоелтанымдық бағытта оқыту үдерісінде ұтымды жүзеге асады» дей келе, тіл сол халықтың дүниетанымын ғана емес, бүкіл болмысын айқындап тұратын құрал екенін ескерсек, қазіргідей интеграциялық даму кезеңінде мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде кәсіби тұрғыдан оқытуда лингвоелтаным бағыты өзекті болып отырғаны көпшілікке аян екенін нақтылап отыр [3].

Осы ретте Н.Ж. Құрман қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудың кейбір айрықшаланатын тұстары туралы тоқталып, заманауи Қазақстанның келбетіне көбірек бет бұрған оқыту үдерісінің шынайы жүйесін қалыптастыру үшін ғалым-әдіскерлер мен мұғалімдер, оқытушылар, жас ізденушілер тілдің рухани қуат беретін шұрайлы да сүбелі материалдарын дұрыс сұрыптап табуға, оны тануға, талдап отырып, сабаққа алып келуден жалықпауы керектігін атап көрсетеді [4].

Сонымен, қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқыту – тілімізді үйретіп қана қоймай, қазақи бітім-болмысты, тұрмыс-тіршілікті, салт-дәстүр, мінез-құлықты тілдік тұлғалардың өзіндік белгілері арқылы зерттеп тануға бағытталады.

Лингвоелтанымның тіл ғылымында атқаратын қызметіне сай нысандары да бар.

Олар:

- Топонимдік нысаны – тарихи орналасқан аймағы;
- Антропонимдік нысаны – жеке тұлғалар;
- Этнографиялық нысаны – салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-тәртібі, ұлттық ас, киім-кешек;
- Қоғамдық-саясы нысаны – білім беру, саясат, әскер, қоғам;
- Мәдени-танымдық нысаны – ән-би, әдебиет, сөз өнері т.б. [5].

Лингвоелтанымдық бағыттың ішінде жиі қолданылатын мәдени-танымдық нысанына жататын қанатты сөз, мақал-мәтел, фразеологизмдердің көмегімен мәтіндердегі тілдік бірліктермен қатар, елдің мәдени-рухани құндылықтарын ашып көрсететін қызметі бар. Мысал ретінде, «қызға қырық үйден тыйым», «қызы бардың, назы бар», «қыз өссе – елдің көркі», «қыз – қонақ» секілді мақал-мәтелдердің астарынан қазақ халқының қыз баласын ерекше құрметтейтінін, қазақ қоғамындағы әйел затының орны бөлек екендігін түсінуге болады. Міне, қазақ тілін оқыту барысында қолданылған бір

ғана мақалдан қазақ халқындағы әйелдің рөлі, ел тарихындағы батыр арулар, нағыз қазақ әйелінің социумдағы бейнесі жайлы ақпаратқа кенеледі. Тіл үйренуші мақалдың мәнін дәйектеп, әрі қарай Қазақстан тарихында ойып тұрып орын алар кешегі Томирис ханшайымнан бастап, Қыз Жібек, Домалақ ана, Әлия мен Мәншүк, Күләш Ахметова, Фариза Оңғарсынова сынды дара тұлғаларды зерттеу арқылы лингвоелтанымға өтеді. Онымен қоса, тіл үйренуші дәл осы әйел мен қыз тақырыбына қатысты мақалдан тек тұлғалар жайлы биографиялық мәліметпен ғана тоқтамай, тұлғалардың қазақ қоғамындағы рөлін қарастыра алады. Мысалы, дархан даламыздың көптеген жер-су аттары әйел затымен байланысты. Мәселен, әйел затына қатысты «Бәйбіше», «Келінтас», «Маржан төбе», «Қырық қыз», «Отаутас», «Қызтөккен», «Келіншек тау» секілді көптеген жер-су аттары бар. Сонымен қатар, «Айша бибі», «Домалақ ана», «Бабажан қатын», «Қарашаш ана», «Айнаш ана», «Гауһар ана» секілді әулие де дана аналарымыздың кесенелері бой көтерген киелі мекендер бар.

Осы секілді қанатты сөз, мақал-мәтел, фразеологизмдер негізінде пайда болатын бейне арқылы тілді үйренуші тілдік және қатысымдық ұғымдардың мағынасын түсінеді. Туындаған ұғымдардың мағынасын түсіндіру барысында тілді үйретуде бірінші орнынға мәдениет емес, тиісінше тіл шығады. Соның арқасында лингвоелтанымдық бағыт қатысымдық құзіреттілікті қамтамасыз ету мақсатында қызмет етеді.

Қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудың тағы бір артықшылығы – тіл үйренуші екі есе мол ақпаратпен жұмыс істейтінінде. Бұл жағдайда ақпаратпен жұмыстың басты қағидаттарына сәйкес жүйелеу, талдау, сұрыптау, тексеру, интерпретациялау секілді қызметтерді лингвистикамен қатар толық меңгергені абзал. Ол үшін тілді оқыту барысында студент өз алдына ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруы керек. Себебі лингвоелтану бағытындағы оқыту біржақты үйлесімділіктің болмауын, біртұтас әлеуметтік-мәдени тәжірибенің орнына білім алушыларға, бірінші кезекте, жалаң білім берудің өріс алмауын қамтамасыз етеді. Ақпараттық құзыреттілік қалыптастыру арқылы студенттер:

- ақпарақа сыни тұрғыдан талдау жасап, нәтижесінде саналы шешім қабылдайды;
- тілдің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай жүзеге асырады;
- тілді үйренумен қатар логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпараттарды өз мүмкіндігінше өңдей алады;
- сөйлесім әрекетін/диалог жоспарлауда, оны жүзеге асыруда ақпараттарды талғап қолданады;
- сөйлесу барысында көркемдеуші және мәнерлеу құралдарын анықтай алады;
- ақпараттар негізінде көздеген мақсатына сай мәтін түрлерін құрайды;
- әр жанрға тән тілдік құралдарды пайдаланып, шығармашылық жұмыстарды орындайды [6].

Онымен қоса, тілді үйрену кезінде елтану мақсатындағы ақпаратпен жұмыс нәтижелі болуы үшін студент келесі талаптарды орындай алғаны жөн:

- тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым сияқты сөйлесім әрекеттеріне тиесілі тәсілдерді меңгеруі тиіс, бұл ақпаратты дұрыс қабылдауды қамтамасыз етеді;

- өзіне қажетті ғана ақпаратты іріктеуге сөйлесім әрекеттерінің түрлерін түсіне әрі ажырата білуі керек, қолдағы бар ақпаратқа өзінің көзқарасын білдіруде сөйлеу дағдыларын игеруі шарт;

- ақпаратты қабылдау һәм беру үшін түрлі мәтіндерді ауызша және жазбаша форматта жағдайға сәйкесінше таңдай және қолдана алуы маңызды;

- өзінің эмоционалық әсерлерін жеткізуде ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білгені дұрыс.

Дәл осы талаптарды сақтаған тіл үйренуші студенттің ақпараттық құзыреттілігі жіті қалыптастасады. Қазақ тілін оқыту туралы бүгінге дейінгі зерттелген еңбектер лингвоелтанымдық бағытта игерілген тілдік-ақпараттық дағдылар тіл үйренушілер жасайтын ізденістердің нәтижелілігін толық дәлелдеген .

Нәтижелер мен талқылау

Тіл білімі маманы профессор-педагогтар лингвоелтанымдық бағытта қазақ тілін оқытуда түрлі әдістемелік негіздерін ұсынуда. Халықаралық деңгейдегі тәжірибеде бұл бағыттың тиімділігі туралы орыс ғалымдары Е.М.Верещагин, В.Г. Костомаров [7], отандық ғалымдардан Ә. Қайдар [8], Р.Сыздық [9], А. Алдашева [10], Т. Аяпова [11], Қ. Қадашеваның [4], т.б. ғалымдардың еңбектерінде жазылып, қолданысқа ие болуда. Ғалымдардың ортақ ойы тоғысқан түйініне сүйенсек, тілді елтанымдық бағытта оқытуда лексикалық материалдар жаңалана әрі молая түспек. Бастапқы және кейінгі меңгерілген лексикалық бірліктер бірін-бірі толықтырып, күнделікті өмірде жиі қолданысқа түсіп, тіл үйренушінің біле айналады. Сонымен қатар, ғалымдардың айтуынша, қазақ тілін елтанымдық бағытта оқыту тілдік және сөйлеу материалдарының ішінен түрлі деңгейге сәйкес тіл үйренушіден ең қажеттіні сұрыптауды талап етеді, себебі ол елтанымдық ақпаратты кеңінен тарқатуға мүмкіндік береді.

Лингвистиканың танымдық қызметін басшылыққа ала отырып, тіл үйретуде халықтың рухани мәдениеті жайында кеңінен мәлімет берудің өзіндік жолдары бар:

- оқыту барысында кездесетін ұлттық сипаттағы баламасы бар сөздерді тікелей аудару тәсілімен, ал егер баламасы жоқ болған жағдайда мағынасын ашу жолымен түсіндіру;

- мәтінге лингвостилистикалық талдау жасағанда, қосымша автордың қысқаша биографиясы мен шығармашылығы, оның тарихы, кезеңдері т.б. жайлы ақпарат беру;

- тақырыпты тарқатуда, мәтінді түсіндіруде визуалды әсер беретін бейнефильмдер, иллюстрациялар, фото-суреттер сынды құралдар ұсыну;

- оқыту бағдарламасына сәйкес кино-телекурстар ұйымдастыру;

- ұлттың өзіне ғана тән «ым тілі» жайында қосымша мәлімет беру [7, 91]

Ғылыми анықтамалар мен тұжырымдардың зерттеу жұмыстары үшін маңызды рөл атқарады. Ғылымның күн сайын уақыт талабына сай жаңаруының нәтижесінде дәстүрлі әдістемеге жаңашыл ұсыныстар мен қағидарлардың қосылуы – қалыпты жағдай. Себебі тіл ғылымы, яғни басқа ғылым саласы болсын, үнемі жаңалық ашу, инновациялану қағидатын ұстанады.

Лингвоелтанымдық бағытта білім беруде жемісті нәтиже береді деген тиімді әдіс – шығармашылық жобалау әдісі. Шығармашылық жобалау әдісінің өзіне тән ерекшеліктері өте көп. Ғалым Е.С. Полат пен М.Ю.Бухаркина тілді оқытудағы дәл осы шығармашылық жобалау туралы «зерттеудің барлығына шығармашылық қасиет тән» деген баға береді. Олар тілді үйренудегі шығармашылық жобалау әдісінің ерекшелігі ретінде келесі фактілерді атап көрсетеді:

- шығармашылық жобалаудың нәтижелері біржақты әрі ресми болмайды;

- тілді игеру деңгейі таңдалған шығармашылық жұмыс пен тіл үйренушінің ойлау даралығымен айқындалады;

- әр адам жеке индивид болған соң, олардың оқытылып жатқан тілге деген жауапкершілігі бір-біріне ұқсамайтындығымен ерекшеленеді.

- мұнда соңғы қорытынды нәтиже шығармашылық формада (газет, шығарма, қойылым/сценарий, бейнефильм, қойылым т.б.) белгіленеді. [12].

Шығармашылық жобалау әдісінің қолданылу үлгісі әртүрлі болады. Оны тіл үйренуші өзінің қалауы мен қабілетіне сәйкес таңдайды. Мысалы:

- атаулы мерекелерге арналған қойылым жазу (*Әз-наурыз, 8 Наурыз, отбасы күні т.с.с.*);

- тарихы маңызы зор бейнефильміне шолу жүргізу («*Көшпенділер*», «*Қыз Жібек*», «*Менің атым – Қожа*»);

- тақырыптық қабырға газеттерін дайындау (*қарттар күні, білім күні, мамандықтар*);

- радиожүргізушінің сценарийін құру;

- саяхат фото-бейне картасын сызу (*арнайы шығарылған фото немесе электронды фото-бейнелерді пайдаланып инфографикалық сызба дайындауға болады*) т.б.

Тілді оқытуда педагогтардың ең жиі қолданатын келесі танымал технологиясы – жаңа бағдарламаны игеруді *дидактикалық ойындармен* ұштастыру. Жалпы, оқу ойындары әдісі қазақ тілін меңгеруде әсерлі де қызықты оқытудың ұтымды жолы саналады. Тілді оқытудағы ойын әдісінің қызметі: жаңа ақпаратты бекіту, есте сақтау, қайталау, қорытынды жасау. Ойын әдісінің келесі бір ұтымды жағы – берілер білімді жаңа жағдайда қолдана алу қабілетінің дамуында, тіл үйренуші студенттің меңгерілген оқу материалды өз бетінше тәжірибеден өткізуге мүмкіндік береді, білім алу барысында ерекше ынталандырады және түрлендіреді.

Ойын – бүгінгі заманауи оқыту құралы, оқытудың жаңа әрі жемісті әдісі. Тілді оқыту барысында ойын әдісін қолдану – тектен тек пайда болған ғылыми құбылыс емес. Педагог-психологтар ойын әлеуеті білім берудегі дағдарыстарды жеңуде зор екендігін алға тартады. Аталмыш әдіс – шетелдік білім беру жүйесінде де кең қолданысқа ие. Ойынның ерекше технологиясын түсіндіре отырып, белсенді ғалымдар ойын әдісінің басты деген критерийлерін тізбектейді:

- сергіту (қызметі – шабыттандыру, өзіне риза қылу, қызығушылықты арттыру);
- қарым-қатынастық (қызметі – сөйлеу диалектикасын игеру);
- диагностикалық (қызметі – ойын барысында тіл үйренушінің өзін бақылауда ұстай алуы және өзін әділ бағалай білуі);
- терапиялық (қызметі – туындаған қиындықтарға төтеп беру);
- өзін көрсете білу (қызметі – бұрын соңды ашылмаған қабілеттерін тану);
- ұлтаралық қарым-қатынас (қызметі – жалпыадамзаттық құндылықтарды басқару);
- әлеуметтілік (қызметі – қоғамдық етене байланыста болу);
- эстетикалық (қызметі – ойыннан әсер ала білу) [13].

Ойын кезінде барлық студенттер тең деңгейде болады. Оқытудағы ойын тапсырмасының негізінде қазақ тілінен тиянақты білімі жоқ студенттің өзі тапсырманы орындай алады. Тіпті, ойын барысында тілден хабары жоқ студент өзін жаңа қырынан көрсетуі де мүмкін. Себебі көп жағдайда ойын үрдісінде пәндік білімнен қарағанда, тапқырлық пен зеректік маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда аталған ойынның өлшем-критерийлері бір мақсат, бір мүддеге жұмылдырылғанымен, олардың әрқайсысы негізгі *алты қағидатқа бағытталған*. Атап айтсақ:

1. Білімдік қағидаты тіл үйренушіге барынша зейінді болуға, ақпаратты қабылдау, есте сақтау, оқу барысында білімі мен біліктілігін ашуға мүмкіндік сыйлайды.

2. Тәрбиелік қағидаты ойын кезінде қатарластарымен адами қатынасы, өзара толерантты қатынасқа сүйенген көмек немесе өзара қолдау секілді мәдениетке тәрбиелейді.

3. Сергіту қағидаты тіл үйренушіге жайлылық пен еркіндік береді, тіпті көп жағдайда шабыттандырады.

4. Коммуникативтік қағидаты лингвистиканың тілдік бірліктерін сөйлесім әрекетінде сауатты қолдануға, сонымен қатар жаңа эмоционалды-қатысымдық қатынас қалыптастыра алады.

5. Дамытушылық қағидаты тұлғаның өзіне сай бар мүмкіндіктерін арттырып, жеке басындағы қасиеттердің дамуы мен үйлесімділігіне бағытталады.

6. Релаксациялық қағидаты лингвотеориялық теорияларды меңгеруде ми мен жүйкені эмоционалды шаршауды болдырмауға көмектеседі.

7. Психологиялық қағидаты тіл үйренушінің физиологиялық жеке біліктері мен психикасын қайта құрумен ерекшеленеді. Психологиялық тренингтер өткізіліп, онда шынайы өмірлік оқиғалардан алынған мысалдар арқылы қорытынды жасалады.

Осыдан қорытынды шығара келе, студенттерге қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытуда *екі негізгі интерактивті әдісті* қолдануды ұсынамыз:

1. Ойын түріндегі емес әдістер;
2. Ойын әдістері.

Ендеше, қос әдісті кеңінен тарқытып көрелік.

Кесте 1- Қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудағы интерактивтік әдістер

Қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудағы интерактивтік әдістер	
Ойын түріндегі емес әдістер	Ойын әдістері
- тілдік жағдаяттарды талдау; - мәтінді лингвостилистикалық тұрғыдан саралау; - қазақша сұқбат қойылымдарын құру; - тарихи-мәдени орындар жайлы баяндама жасау; - тарихи тұлғалардың өмір жолы туралы пікірталас өткізу т.б.	- рөлдік қойылымдарды сомдау; - сұқбат алу; - суреттердің көмегімен мақал-мәтелді жалғастыру; - ым-ишара арқылы сөзді табу; - уақыт пен жылдамдыққа сөз, сөз тіркестерін құру жарысы т.б.

Ұсынылған кесте зерттеу барысында әдебиеттерді негізге ала отырып, автор тарапынан құрастырылған. Дәстүрлі әдістен де шығатын нәтиже когнитивті қабылдау, түсіндіру, ойлау, сөйлеу, есте сақтауын дамыту, тіл үйренушінің қазақ тілінде түсінікті әрі мәнерлі сөйлеуі, шығармашылық жеңіске жетуі, оқытушы мен қатарластарына деген адами ілтипаты мен қарым-қатынастарын басқарумен бағаланады.

XXI ғасырдағы жаһандану үрдісінде мәдениетаралық қатысым жетекші орынға ие десек, сол қатысымды іске асыратын басты құрал – тіл. Кез келген тілді оқуда тіл үйренушінің қалыптасқан сөздік қоры бұрын соңды қолданбаған тың этнолингвистикалық және лингвомәдени бірліктермен толығыны анық. Оларға *лакуналар, фразеологизмдер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер* тәрізді күнделікті тұрмыс коммуникациясындағы бай бірліктерді жатқызып, маңызды әрі мәнді қызметіне қарай ұлттық ой-сананың жемісі деп атай аламыз. Бұл дегеніміз адам баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі шақтарында қолданған тілдік құралдар арқылы көрініс тауып, белгілі бір жағдайда ұлттық, елтанымдық негізге айналғанын көрсетеді.

Қорытынды

Ойымызды тұжырымдай келе, тілімізді өмірдің бір көрінісі дейтін болсақ, оны оқыту барысындағы ең жауапты алғышарт: халқымыздың тұрмыс-салтын, мәдени-тарихи құндылықтарын қоса оқыту болмақ. Қазақ

тілін лингвоелтанымдық бағытта оқыту дегеніміз – тіл арқылы бүгінгі жаһанданған әлемде қазақи мәдениетті, қазақ тілі мәртебесі мен ұлттық халықтық бояуымызды дүниежүзілік кеңістікке таныстыру.

Қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта арқылы оқытуда тұлғаның ұлтжандылық, эстетикалық, отансүйгіштік қасиеттерімен қатар ұлттық дүниетанымын қалыптастырады. Бұл қасиеттер жеке тұлғаның құндылық бағдарларын дайындап, тілдік сананың негізін құрайды. Мұндай оқыту тіл үйренушінің рухани-танымдық және мәдени-интеллектуалдық деңгейін арттыруға, жалпы адамзаттық, ұлттық рухында тәрбиелеуге бағытталған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Сүлейменова Ж. Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2018. – 212. - Б.16 .

[2] Бекеева Н. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022. - Б 179.

[3] Оразбаева Ф.Ш., Бекеева Н.Ж. Обучение казахскому языку как средству профессионального общения и лингвострановедческое направление //Eurasian Journal of Philology: Science and Education. - 2018. - №3 (171). - Б.192.

[4] Құрман Н.Ж Рухани жаңғыру кезеңіндегі қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары «Мәдениетаралық коммуникация жаһандық контексте: тіл, әдебиет және оқыту әдістемесі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2018. – Б.380

[5] Қадашева Қ.Қ. Түріктілі аудиторияда тіл үйретудің лингвоелтанымдық мазмұны. //emirsaba.org. – Кіру режимі: https://emirsaba.org/pars_docs/refs/5/4782/4782.pdf [Қаралған күні 23.11.2022]

[6] Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқыту. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 681 б.

[7] Верещагин Е. М., Костомаров В. Г. Лингвистическая проблема строно-ведения в преподавании языка как иностранного. - М.: МГУ, 1971. – С. 143.

[8] Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – б.304.

[9] Сыздық Р. – Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана, 2001. – Б.78.

[10] Алдашева А., Уәлиев Н. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. – б.110.

[11] Аяпова Т. Сөйлеу онтогенезі. – Алматы: Раритет, 2003. – Б.280.

[12] Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. Учебное пособие, – М.: Академия, 2007. – С. 368.

[13] Конышева А. В. Игровой метод в обучений иностранному языку. – СПб.: Четыре четверти, 2006. - С.192.

REFERENCES

[1] Süleyменова J. N. Joғarı mektepte qazaq tilin oqıtw ädistemesi (Methodology of Kazakh language teaching in higher school). Oqw quralı. – Almatı, 2018. – 212. - B.16. [in Kaz.]

[2] Bekeeva N. Qazaq tilin oqıtwda stwdentterdiñ käsibı qarım-qatınas daғdıların damıtwdıñ ädistemesi (Methodology of developing students' professional communication skills in teaching the Kazakh language). Filosofiya doktori (PhD) дәrejesin alw üşin dayındalğan dıssertacıya. – Almatı, 2022. - B 179. [in Kaz.]

[3] Orazbaeva F.Ş., Bekeeva N.J. Obwçenıe kazaxskomw yazıkw kak sredstv w professionalnogo obşçeniya i lingvostranovedçeskoe napravlenie (Methodology of developing students' professional communication skills in teaching the Kazakh language) //Eurasian Journal of Philology: Science and Education. - 2018. - №3 (171). - B.192. [in Rus.]

[4] Qurman N.J Rwxanī jañğırw kezeñindegi qazaq tilin oqıtwdıñ jaña bağıttarı (New directions of teaching the Kazakh language in the period of spiritual revival) «Mädeniëtaralıq kommwnikaciya jahandıq kontekste: til, ädebiet jäne oqıtwdıñ ädistemesi» xalıqaralıq ğılımi-praktikalıq konferenciya materialdarı. – Aqtöbe, 2018. – B.380 [in Kaz.]

[5] Qadaşeva Q.Q. Türiktildi awdıtorıyada til üyretwdıñ lıngvoeltanımdıq mazmunı (Linguistic content of language teaching in the Turkish-speaking audience). //emirsaba.org. – Kirw rejimi: https://emirsaba.org/pars_docs/refs/5/4782/4782.pdf [Qaralğan küni 23.11.2022] [in Kaz.]

[6] Däwletbekova J.T. Jalpı bilim beretin orta mektepterde qazaq tilinen söz mädeniëtin oqıtwdı (Teaching word culture from the Kazakh language in general secondary schools). Oqw quralı. – Almatı, 2010. – 681 b.

[7] Vereşçağın E. M., Kostomarov V. G. Lıngvistiçeskaya problema strano-vedeniya v prepodavaniı yazıka kak iñostrannogo (The linguistic problem of foreign studies in the teaching of a language as a foreign language). - M.: MGW, 1971. – S. 143. [in Rus.]

[8] Qaydar Ä. Qazaq tiliniñ özekti mäseleleri (Actual problems of the Kazakh language). – Almatı: Ana tili, 1998. – b.304. [in Kaz.]

[9] Sızdıq R. – Tildik norma jäne onıñ qalıptanwı (Linguistic norm and its formation). – Astana, 2001. – B.78. [in Kaz.]

[10] Aldaşeva A., Wäliev N. Qazaq orfografiyasındağı qıındıqtar (Difficulties in Kazakh orthography). – Almatı, 1988. – b.110. [in Kaz.]

[11] Ayapova T. Söylew ontogenezi (Ontogeny of speech). – Almatı: Raritet, 2003. – B.280. [in Kaz.]

[12] Polat E.S., Bwxarkına M.Yu. Sovremennie pedagogičeskie i informacionnie texnologii v sisteme obrazovaniya (Modern pedagogical and information technologies in the educational system). Wçebnoe posobie, – M.: Akademıya, 2007. – S. 368. [in Rus.]

[13] Konışeva A. V. İgrovoy metod v obwçeniı iñostrannomw yazıkw (Game method in foreign language learning). – SPb.: Çetire çetverti, 2006. - C.192. [in Rus.]

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ: ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКИЙ АСПЕКТ

*Шериева Г.Т.¹, Сулейменова Ж. Н.², Сатбекова А.А.³

*¹преподаватель, Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан
e-mail: gulimzhan_sherie@mail.ru

²д.п.н., профессор, КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
e-mail: zharkynbikesul999@gmail.com

³д.п.н., профессор, КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
e-mail: satbekova@mail.ru

Аннотация. Качественное преподавание казахского языка является одним из важнейших вопросов в современной системе образования. В частности, различные направления, посвященные обучению родному языку, поддерживаются профессорами и преподавателями и становятся важным инструментом в системе образования. Лингвострановедение является движущей силой нашего государства в обучении языкам, и оно уникально среди востребованных сегодня направлений, воспитывающих патриотизм, страноведение, культуроведение, толерантность среди молодежи.

Лингво-страноведение – это направление, которое не только обучает языку классическим способом, но и предоставляет подробные сведения об истории и культуре, обычаях, традициях и обычаях того народа тем, кто хочет выучить язык. Цель статьи -

расширить уровень знаний учащегося, освоить и использовать языковые средства, а также предоставить профессиональную возможность сформировать информационную компетентность для качественного образования национального конкурса. Через образы, возникающие на основе крылатых слов, пословиц, фразеологизмов, изучающий язык понимает значение языковых и родственных понятий. При толковании смысла возникающих понятий первое место в обучении языку занимает не культура, а, соответственно, язык. Благодаря этому лингвострановедческое направление служит для обеспечения совместной компетенции. Эти вопросы подробно рассматриваются в статье.

Теоретическая значимость исследования заключается в том, что раскрываются новые грани изучения казахского языка в лингвострановедческом направлении, дается научное определение лингвострановедческого направления, определяются его функции и особенности, формы. Кроме того, основой нашей работы станут размышления и исследования ученых-профессоров, заслуживших выдающиеся заслуги в языкознании, касающиеся лингвострановедческой направленности. Практическая значимость статьи заключается в том, что иностранному студенту, обучающемуся на казахском языке, предлагается методологическая основа обучения, подготовленная в лингвострановедческой направленности.

Ключевые слова: казахский язык, лингвострановедение, высшее образование, технология, информация, наука, студент, метод

FORMATION OF INTERCULTURAL COMPETENCES OF FOREIGN STUDENTS: LINGUO-COUNTRY STUDIES ASPECT

*Sheriyeva G.T.¹, Suleimenova Zh. N.², Satbekova A.A.³

*¹teacher, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan

e-mail: gulimzhan_sherie@mail.ru

²d.p.s., Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

e-mail: zharkynbikesul999@gmail.com

³d.p.s., Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

e-mail: satbekova@mail.ru

Abstract. Quality teaching of the Kazakh language is one of the most important issues in the modern education system. In particular, various areas devoted to the teaching of the native language are supported by professors and teachers and are becoming an important tool in the education system. Linguo-country study is the driving force of our state in teaching languages, and it is unique among the directions that are in demand today, fostering patriotism, country studies, cultural studies, and tolerance among young people.

Linguo-country study is a direction, which not only teaches the language in the classical way, but also provides detailed information about the history and culture, customs, traditions and habits of that nation to those who want to learn the language. The purpose of the article is to increase the student's knowledge, mastery and use of language tools, as well as to provide a professional opportunity to build information competence for quality education of the national competition. Through the images arising from the winged words, proverbs, phraseology, the language learner understands the meaning of linguistic and related concepts. In interpreting the meaning of emergent concepts, the first place in language learning is not culture, but, accordingly, language. Because of this, the linguocountry study area serves to provide joint competence. These issues are discussed in detail in the article.

The theoretical significance of the study lies in the fact that new facets of the study of the Kazakh language in the linguo-country study direction are revealed, a scientific definition of the linguo-country study direction is given, its functions and features and forms are determined. In addition, the basis of our work will be the reflections and researches of scientists-professors, who deserve outstanding achievements in linguistics, concerning the linguistic and country studies direction. The practical significance of the article lies in the fact that the foreign student studying in the Kazakh language is offered a methodological basis for learning, prepared in the linguo-country study orientation

Key words: kazakh language, linguo-country study, higher education, technology, information, science, student, method

Статья поступила 10.03.2023